

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСІ
ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ
ХАТТАМАСЫ № 25

Жезқазған қ

22.11.2023
сағат 15.00

Облыстық қоғамдық кеңесінің кезекті отырысы ОҚК төрағасы Бегенов Б.Ж. ашып жүргізді.

Отырысқа төмендегі қоғамдық кеңес мүшелері: Х.Шәмші, А.Абжаппаров, А.Токишова, Т.Алданиязов, М.Бейсенбаев, Д. Тулегенов, Сейдахметов М, қатысты.

Белгілі себеппен қатыспаған: Тұрлыбек А; Мырзабекова М, Бекмағанбетов М, Маткенов М, Ізтөлеуов Д, Мукеева А, Такибаев А; Рахметов А, М.Атамурат, Ізтөлеуов Д, Битенов Н, А.Ахмет, Мукеева А, Кайыпбеков А, Тусупбеков Д, Шамбулов М.

Белгісіз себеппен қатыспағандар: Хамит М, Бакиров Б, Оспанов С, Дүйсенов Б.

Сонымен қатар отырысқа : экономика басқармасының басшысы Ставицкая В, білім беру басқармасының басшысы – С.Тулекова, қоғамдық даму басқармасының басшысы Д. Мұхан қатысты.

Бегенов Б.Ж: Сәлеметсіздер ма құрметті әріптестер, жиынға қатысушылар.

Бүгінгі отырысымызды бастаймыз. Отырысқа бюджеттік бағдарламалар әкімшілері қатысуда. Күн тәртібінде– ол 2024-2026 жылдарға арналған облыстық бюджетті қарастыру . Бәріңіздің қолдарыңызда бюджет құжаттары бар, хатшы чатқа да жіберді. Сондықтан сұрақ жауақ көшейік.

Тулекова С -біздің салаға барлығы **47 миллиард 295 893** тг бөлінген. Жалпы 35 ғимаратты күрделі жөндеуден өткізу қажет. Одан бөлек пәндік сыныптар, колледждерді жарықтандыруға қаражат жоспарлап отырмыз. Сонымен қатар , оқушыларға көлік алу қажет. Сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандарға толыққанды жағдай жасалмаған.

Абжаппаров А – Қабанбай батыр елді-мекендегі оқушыларға алған автобусты неге линияға шығармайсыздар? Балалардың қауіпсіздігін ойланбайсыз ба? Осы мәселені шешуіңізді сұраймын.

Тулекова С- биыл балаларды 13 мектепке тасымалдайтын мердігермен келісім-шарт бар. Ол жақтан жаңа автобустар келесі жылдан бастап тасымалдайды. Жақсы мердігермен сөйлесіп көрем.

Бегенов Б.Ж - Оқулықтарды сатып алуға, жеткізуге жылына **400 млн** теңге кетеді. Бұл өте көп қаражат. Үнемдеу жағын қарастыру керек. Сапура Сейдуалиевна осы оқулықтар жайлы Сіздер хат дайындаңыздар, біз әрі қарай Сенатқа, Мәжіліске, Өкіметке жолдаймыз.

Тулегенов Д -Пәндік сыныптардың санын көбейту қажет.

Ставицкая В- бұл басқармаға қатысты құжаттар уақытылы жасалмаған, сондықтан да кейбір қаражат қарастырылмаған.

Бегенов Б – Жақсы. Келесі ретте Қоғамдық даму басқармасының басшысы Д.Мұханды тыңдайық.

Д.Мұхан – басқармаға барлығы **1 180 368** тг жоспарлап отырмыз. Мем.әлеуметтік тапсырыстарға **72 400** тг көздеп отырмыз. Оған әр түрлі жоспарлар кіреді.